«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссиясының қызметі туралы

АҚПАРАТ

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының сайланбалы органдары мен Орталық комитеті аппараты жұмысының 2026 жылға арналған перспективалық жоспарына сәйкес «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің (әрі қарай – Облыстық ұйым) Еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссиясының қызметі туралы сұрақ зерделенді.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Облыстық ұйым 750 бастауыш кәсіподақ ұйымын біріктіреді. Кәсіподақ мүшелерінің жалпы саны 35 977 адам, оның 28 015-і – әйелдер (77,8 %).

Облыстық ұйымның Еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссиясы өз қызметін кәсіподақтың басқарушы органдарының шешімдеріне, Комиссия туралы ережеге (Атқару комитетінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № 4 қаулысының 3-тармағымен бекітілген) сәйкес және қызметінің негізгі бағыттары аясында жүзеге асырады.

Әйелдердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық және кәсіби құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге және қорғауға көмектесу, олардың кәсіподақ қозғалысындағы рөлін арттыру, әйелдер арасындағы кәсіподақ көшбасшылығын, құқықтық сауаттылықты дамыту және әйелдерді кәсіподақ ұйымдарының жұмысына белсенді түрде тарту мәселелері Комиссия қызметінің негізгі мақсаты болып табылады.

Комиссия құрамы 20 адам көлемінде бекітілген. Комиссия төрағасы – Облыстық ұйымның Аққөл аудандық филиалының төрағасы Нина Степановна Щербань. Облыстық ұйымның аудандық филиалдарының 10 әйел-төрағасы аудандық әкімдіктер жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиялардың құрамына кіреді.

Облыстық ұйымның жұмыс жоспарына сәйкес 2026 жылдың бірінші тоқсанында «Еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссияның 2025 жылғы жұмыс қорытындылары туралы» мәселе қаралған. Кеңес шешімімен (2026 жылғы 22 қаңтардағы № 1 хаттама) төмендегі ұсынымдар берілген:

- әйелдердің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі жұмысты жалғастыру;
- әйелдердің кәсіподақ шараларына және қоғамдық өмірге қатысуын жандандыру;
- жас мамандарды, көпбалалы аналарды және өмірлік қиын жағдайға тап болған әйелдерді қолдау жұмыстарын күшейту;

- ақпараттық-түсіндіру, ағартушылық және әлеуметтік қолдауға бағыттағы іс-шараларды өткізу тәжірибесін кеңейту.

Зерделеу барысында Комиссия отырыстарының күн тәртібі мен хаттамаларының бар екендігі анықталды, алайда өткізілген отырыстарға қатысты материалдар жинақталмаған. Мысалы, 2025 жылғы 3 наурыздағы отырыстың күн тәртібіне сәйкес 6 сұрақ жоспарланған, бірақ материалдар бойынша баяндамашыларды, қарастырылған тақырыптардың мәнін анықтау мүмкіндігі болмады.

Кадрлық әлеуетті қалыптастыру және дамыту Комиссия жұмысының маңызды бағыты болып табылады. Дегенмен, 2025 жылы облыстық деңгейде белсенді әйелдердің көшбасшылық, басқарушылық, коммуникативтік және ұйымдастырушылық құзыреттерін дамытуға бағытталған семинарлар, тренингтер немесе басқа да оқыту іс-шаралары ұйымдастырылмаған. Сондай-ақ комиссиямен әйелдердің **құқықтық сауаттылығын** арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілмейді.

Комиссия отбасыларды, балаларды және қызметкерлердің кей санаттарын қолдау жөніндегі әлеуметтік және қайырымдылық іс-шараларына, сондай-ақ «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» сияқты халықаралық кампанияларға қатысады.

Ақмола облысының білім беру саласы қызметкерлері үшін еңбек жағдайларын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу туралы 2024 - 2026 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Өңірлік салалық келісімге сәйкес, мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардағы біліктілігі жоқ штаттық қызметкерлерге күнтізбелік жылда бір рет жыл сайынғы еңбек демалысы берілген кезде лауазымдық ақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді. Жазбаша өтініш бойынша жалақысы сақталмайтын демалыс күндері беріледі: бала дүниеге келгенде - 5 күнге дейін; үйлену тойында - 7 күнге дейін; көшіп-қонғанда - 7 күнге дейін; армияға шығарып салуда - 5 күнге дейін; тұрмыстық төтенше жағдайларда - 5 күнге дейін; жұмыс істейтін мүгедектігі бар адамдарға - 10 күнге дейін; қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына - 15 күнге дейін.

Ауылдық жерде жұмыс істейтін педагогтарға коммуналдық қызмет көрсетулерге шығыстарды жабуға және тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға біржолғы ақшалай өтемақы 15 АЕК мөлшерінде төленеді.

Облыстық ұйымның Көкшетау қалалық филиалына бару барысында филиалда 5 адамнан тұратын Еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссия құрылып, жұмыс істейтіні анықталды (2025 жылғы 23 қаңтардағы № 1 қаулы, 1-т.), оның төрағасы болып бастауыш сынып мұғалімі, бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Татьяна Борисовна Мутасова сайланған. Филиалда комиссияның бекітілген жұмыс жоспары бар. Комиссия мүшелері кәсіподақ мүшесі болып табылатын әйелдерге консультативтік көмек көрсетеді. Қызметкерлерді сауықтыру бағдарламасы белсенді түрде жүзеге асырылуда: кәсіподақтың қалалық комитеті қаражаты есебінен 60% төлеммен демалыс

аймақтары мен санаторийлерге отбасылық жолдамалар беріледі. 2025 жылы жалпы сомасы 2 млн. 400 мың теңгеге ата-аналарымен бірге 20 бала сауықтырумен қамтылған.

Комиссия қызметіндегі оң нәтижелермен қатар көңіл бөлуді талап ететін мәселелер де бар:

- жекелеген филиалдар мен бастауыш кәсіподақ ұйымдарының белсенділігінің жеткіліксіздігі;
- комиссия мүшелерін жүйелі түрде оқытудың болмауы;
- ақпараттық коммуникацияның жеткіліксіздігі;
- белсенді әйелдермен, яғни кәсіподақ мүшелерімен жұмыс істеудің жаңа формаларын дамыту қажеттілігі.

Комиссия қызметін одан әрі жетілдіру мақсатында төмендегі ұсынымдар ұсынылады:

- жүйелі құқықтық ағартушылық бағытын әзірлеу және енгізу;
- әйелдердің кәсіподақ көшбасшылығын дамыту бойынша мақсатты бағдарламаларды іске қосу;
- облыстық комиссияның жұмысын жүйелеу, сондай-ақ филиалдар мен бастауыш кәсіподақ ұйымдарындағы комиссиялардың жұмысын жандандыру;
- заманауи цифрлық оқыту және коммуникация форматын дамыту (вебинарлар, медиажобалар, онлайн-консультациялар және т. б.);
- өңірлік және республикалық ауқымдағы кәсіподақ іс-шараларына әйелдердің қатысу тәжірибесін кеңейту.

Кәсіподақтың ОК Аппаратының
ұйымдастыру бөлімінің бас маманы **И. Сакауова**